



"Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 6 тамыз N 877

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
"Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Z000109_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 381-құжат, 2001 ж., N 24, 338-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2 - б а п т а :

2) тармақшада "(баланстық, қалдық және басқа құны)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

5) тармақша алынып тасталсын;

8) тармақшада "бір жағынан бағалаушы мен (немесе) тапсырыс беруші және екінші жағынан үшінші бір тұлғалар" деген сөздер "мүдделі тараптар" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9) тармақшада "бағалау қызметі субъектілерінің" деген сөздер алынып тасталсын, " талаптарды қолдану жөніндегі" деген сөздер "талаптарды белгілейтін" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшада "қызметі саласындағы" деген сөздер "қызметін" деген сөзбен, " басшылықты" деген сөз "реттеуді" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2-баптармен толықтырылсын:

"4-1-бап. Бағалаушылар палатасы

Бағалаушылар палатасы дербес ұйымдық-құқықтық нысан болып табылады және оның мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін бағалаушылардың (жеке және заңды тұлғалардың) коммерциялық емес кәсіптік өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы ретінде құрылады, сондай-ақ бағалаушылардың бағалау қызметін жүзеге асыру негіздері мен шарттарын сақтауына ықпал етеді.

Бағалаушылар палатасының қызметі Қазақстан Республикасының заң актілерімен және құрылтай құжаты болып табылатын жарғымен реттеледі. Бағалаушылар палатасы заңды тұлға болып табылады және заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуі тиіс.

Бағалаушылар палатасы қауымдастық (одақ) нысанында Бағалаушылар республикалық палатасына бірлесуге құқылы.

Бағалаушының мүлікті бағалау жөніндегі қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы болған кезде, сондай-ақ ол Палата жарғысын мойындаған және бағалаушылар палатасына мүшелікке кіру шарттарын орындаған кезде бағалаушылар палатасына мүшелікке қабылдаудан бас тартыла алмайды. Бағалаушылар палатасына мүшелікке қабылдаудан бас тартуға сот тәртібімен шағымдануға болады.

4-2-бап. Бағалаушылар палатасының өкілеттіктері

1. Бағалаушылар палатасы:

1) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды;

2) бағалаушылар қызметі мен оның даму үрдісін жан-жақты және

объективті зерделеуді, қорыту мен талдауды жүзеге асырады;

3) бағалаушылардың бағалау қызметін жүзеге асыру негіздері мен шарттарын сақтауына ықпал етеді;

4) ақпараттық-насихаттық іс-шараларды жүзеге асырады;

5) бағалау қызметін жүзеге асыру мәселелері бойынша консультация беру жұмысын жүргізеді;

6) мемлекеттік органдармен байланыстар орнатады және жасайды;

7) кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында өзінің мүшелерін оқытуды ұйымдастырады.

2. Бағалаушылар палатасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес

өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

3) 6-баптың 1-тармағындағы "бағалаумен" деген сөздер "және" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 7-баптың 2-тармағындағы "мүмкін" деген сөз "тиіс" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бағалау жүргізу шарты мынадай міндетті талаптарды қамтуы тиіс: тапсырыс беруші мен бағалаушының деректемелері; заңды тұлға үшін - атауы, орналасқан жері; жеке тұлға үшін - аты-жөні, тегі, тұрғылықты жері; бағаланатын объектінің (объектілердің) атауы және (немесе) оның (олардың) орналасқан жері, айқындалатын құнның түрі; бағалау жүргізу мерзімдері; көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу шарттары, тәртібі және мөлшері; тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі; тапсырыс берушінің бағалау объектісіне меншік құқығын растайтын құжаттың деректемелері не тапсырыс берушіге бағалау туралы шарт жасасу құқығын беретін өзге де негіздемелер;

бағалау қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның деректемелері (оны берген органды көрсете отырып, лицензияның нөмірі мен берілген күні).

Бағалау жүргізу шартында өзге де талаптар көзделуі мүмкін.";

6) 9-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бағалау туралы есеп мыналарды қамтуы тиіс:

бағалаушының атауы (аты-жөні, тегі);

бағалау қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның нөмірі мен берілгені күні;

айқындалатын құнның түрі;

бағалау жүргізудің түрі мен күні;

бағалау объектісінің атауы және (немесе) орналасқан жері мен сипаттамасы;

бағалау жүргізу кезінде пайдаланылатын әдістер мен қағидаттар;

оларды алу көздерін көрсете отырып, бағалау жүргізу кезінде пайдаланылатын нақты деректер;

есеп негіздемесі;

бағалау нәтижесі;

жүргізілген бағалаудың нәтижесін толық және айқын түсіну үшін қажет өзге де мәліметтер.";

7) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1. Бағалаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру

Бағалаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бағалаушы қызметтерін тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін шарттардың бірі болып табылады.

Бағалау жүргізудің нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын

бағалаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру Қазақстан Республикасының заң актілерімен айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.";

8) 11-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

9) 12-баптың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"объектіні тікелей зерттеуді жүзеге асыруға және тапсырыс берушіге бағалау туралы есеп беруге;"

10) 13-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бағалау қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзғаны;"

11) 15-баптың үшінші абзацы ", бағалау объектісіне бағалаушының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Дауларды қарау

Бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде бағалаушы мен тапсырыс беруші арасында туындайтын даулар сот тәртібімен шешіледі.";

13) 21-бап алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК